

**Павлодар облысы білім беру басқармасы
Баянауыл ауданының білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ**



**Бекітемін
Балабақша басшысы
Ә.А.Ақбет**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған
«Гүлдер» ересек тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Шағала» балабақшасы

Топ: «Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2024-2025 оқу жылы, «қыркүйек» айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы		
Қыркүйек	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Қыз қуу, Асық ату, «Ханталапай» т) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындауға көмектесу (Ойын шаралар: Мен дұрыс киіне білемін, Тазалық біздің досымыз, Ы.Алтынсарин Бір уыс мақта , Әке мен бала шығармасын әңгімелеу т.б.) <u>Жүру:</u> Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру <u>Тепе-теңдікті сақтау.</u> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, <u>Жүгіру:</u> Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру. <u>Еңбектеу, өрмелеу:</u> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу. <u>Секіру:</u> бір орында тұрып қос аяқпен секіру. <u>Лақтыру, домалату, қағып алу:</u> заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5 – 6,5 метрден кем емес) <u>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</u> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу, оңға, солға бұрылу, орнында айналу, араларын алшақ ұстау және жақын тұру.

Бірғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.

Жалпы дамытушы жаттығулар:

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:

Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру.

Кеудеге арналған жаттығулар:

Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты)

Оңға, солға еңкею, шалқаю.

Аяққа арналған жаттығулар:

Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.

Спорттық жаттығулар:

Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу, оңға, солға бұрылу

Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. Денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Балаларға адамның дене сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.

Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелдерді сүрту.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандықтың алдын-алу жолдарымен жүру.

	Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы» тақырыбы аясында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау. <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту <u>Сөздік қор:</u> Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. <u>Тілдің грамматикалық құрлымы:</u> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. <u>Байланыстырып сөйлеу:</u> Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысу үшін түсінікті сұрақтар қоюға және сұрақтарға толық, дұрыс жауап беруге баулу.

Көркем әдебиет	Көркем әдебиет «Балалар кітапханасы» – жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тындалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастыру. «Менің Қазақстаным» «Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбек бәрін жеңбек» «Тілім менің тірегім» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету Тілдік дамытушы орта

	Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуін дамыту <u>Сөздік қор:</u> Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстардың, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. <u>Тілдің грамматикалық құрлымы:</u> сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. <u>Байланыстырып сөйлеу:</u> қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратуға білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	<u>Қаржылық сауаттылық</u> математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау, қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Әмиян, Дүкен) Заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу. <u>Жиын:</u> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. <u>Сан, санау:</u> 5-ке реттік санау дағдыларын дамыту. <u>Шама:</u> заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. <u>Геометриялық фигуралар:</u> балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. <u>Кеңістікті бағдарлау:</u> кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықта, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)

	Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу. Бала, оның отбасы, үй (221) Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.
	Құрастыру	SMART BALA жобасы Мақсаты: ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("ирек", "су") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды бейнелей білуін дамыту Түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту; Бояулар сыры- топ аралық байқау. Сурет салу Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.
	Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау) таныстыру аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру. Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.

Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны жапсыру дағдыларын қалыптастыру, (Менің отбасым, Балабақшам мақтанышым, Алтын күз) Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.
Музыка	Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. <u>Музыка тыңдау:</u> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. <u>Ән айту:</u> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. <u>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</u> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; <u>Билер:</u> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. <u>Би шығармашылығы:</u> Таныс би қимылдарын қоладана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. <u>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнау:</u> Балалардың музыкалық қарапайым аспаптарда сыбызғы, домбыра, аспаптарында ойнау тәсілдерімен таныстыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Шағала» балабақшасы

Топ/сынып «Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы «қазан» айы

Айы	Ұйымдастырылған ісәрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тәуелсіздік және отаншылдық айы		
Қазан	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Теңге алу,) <u>Жүру.</u> Жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, <u>Жүгіру:</u> Сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. <u>Тепе-теңдікті сақтау:</u> Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. <u>Еңбектеу, өрмелеу:</u> Көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу. <u>Секіру:</u> 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып, қос аяқпен секіру. <u>Лақтыру, домалату, қағып алу:</u> Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5 – 6,5 метрден кем емес) <u>Ырғақтық жаттығулар:</u> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. <u>Жалпы дамытушы жаттығулар:</u> <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:</i> қолдарын арасына апару, қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; <i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқ ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. <i>Аяққа арналған жаттығулар.</i> Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.

	Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу <u>Қимылды ойындар:</u> Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық. Икемділік, ептілік) дамыту. <u>Дербес қимыл белсенділігі.</u> Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. <u>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</u> Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкеністер мен жемістердің, дәрумендердің адамағзасына пайдасы иуралы түсінік беру.<u>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</u> Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <u>Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары:</u> өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелдерді сүрту. <u>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</u> Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандықтың алдын-алу жолдарымен жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіло киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	«Балалар кітапханасы» – жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. «Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында «Менің Отаным» тақырыбында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға мүмкіндік беру.

	Баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды барлық балалармен талқылау; <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</u> Ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. <u>Сөздік қор:</u> Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. <u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. <u>Байланыстырып сөйлеу:</u> Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап сипаптау.
Көркем әдебиет	Ұшқыр ой алаңы: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» интеллектуалды ойыны. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастыру, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», «Отан отбасынан басталады», «Отан оттан да ыстық», «Отансыз адам – ормансыз Бұлбұл» мақалдарын әр аптада жаттау «Тәуелсіз ел - Қазақстан» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында көрме ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз елін, Отанын құрметтуге үйрету. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету <u>Сөздік қор:</u> Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. <u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.

	<u>Байланыстырып сөйлеу</u>: Өзімен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптын дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға үйрету.
Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.) <u>Жиын</u>: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. <u>Сан, санау</u>: 5-ке реттік санау дағдыларын дамыту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қортынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. <u>Шама</u>: ұзындығы, ені және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. <u>Геометриялық фигуралар</u>: балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. <u>Кеңістікті бағдарлау</u>: кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықта, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)
Қоршаған ортамен таныстыру	«<u>Үнемді тұтыну</u>», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Ұшқыр ой алаңы: «Кім тапқыр?» интеллектуалдық сайысы. Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Автобус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру <u>Заттық әлем.</u> Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін

	кеңейту. <u>Еңбекке баулу.</u> Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу <u>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</u> Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.
Құрастыру	«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау.
Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("тарак", "ботакөз") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды бейнелей білуге үйрету Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (сырға, шашбау, сақина), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру. Заттық мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.

		Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.
	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны жапсыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Жемістер) <u>Заттық жапсыру:</u> Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.
	Музыка	Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. <u>Музыка тыңдау:</u> Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. <u>Ән айту:</u> Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту. <u>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</u> Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. <u>Билер:</u> Би қимылының элементтерін жеңіл, еркін орындау. <u>Би шығармашылығы:</u> Мәтінге сәйкес әнді сахналау. <u>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнау:</u> Таныс әуендерді жеке және топпен орындауға үйрету

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шағала» балабақшасы

Топ/сынып : «Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы «қараша» айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Әділдік және жауапкершілік айы		
Қараша	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»_ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылдарды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. («Ханталапай», «Тақия тастамақ», «Бәйге». <u>Жүру.</u> Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып жүру <u>Тепе-теңдікті сақтау:</u> Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу <u>Жүгіру</u> Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру <u>Еңбектеу:</u> көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; <u>Секіру:</u> 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, <u>Лақтыру:</u> Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес). Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолдарын алға-артқа сермеу; Кеудеге арналған жаттығулар

		Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Қимылды ойындар: Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. <u>Қимылды ойындар:</u> Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық. Икемділік, ептілік) дамыту. <u>Дербес қимыл белсенділігі.</u> Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.<u>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</u> Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкенистер мен жемістердің, дәрумендердің адамағзасына пайдасы иуралы түсінік беру.<u>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:</u> Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <u>Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары:</u> өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелдерді сүрту. <u>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</u> Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртінуді, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандықтың алдын-алу жолдарымен жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
--	--	---

Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында «Әділдік және жауапкершілік» тақырыбына байланысты кітаптар көруге, суреттерді қарауға, ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</u> Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. <u>Сөздік қор</u> Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. <u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету <u>Байланыстырып сөйлеу:</u> Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу.
Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы» – жобасы. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылық танытуға баул.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастыру. «Қауіпсіздік сабағы» - «Бағдаршам» (жол ережесі) <u>Тілдік дамытушы орта:</u> Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге үйрету, <u>Сөздік қор:</u> Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету (ана, әке, апа, ата, әже, іні, әпке, сіңілі, жезде, жеңге, нағашы) <u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. <u>Байланыстырып сөйлеу:</u>

		Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Бір-біріне не,не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Банкомат, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.) <u>Жиын:</u> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. <u>Сан, санау:</u> 5-ке реттік санау дағдыларын дамыту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қортынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. <u>Шама:</u> заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. <u>Геометриялық фигуралар:</u> балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. <u>Кеңістікті бағдарлау:</u> кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықта, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)
	Қоршаған ортамен танысу	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру <u>Заттық әлем:</u> Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырат білу, оның түрлері мен қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы

	(жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу <u>Еңбекке баулу:</u> Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. <u>Жолда жүру ережелері.</u> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.
Құрастыру	<u>«Қамқор» жобасы»</u> – Құстарға ұя саламыз, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу. <u>Құрылыс материалынан құрастыру.</u> Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. <u>Қағаздан құрастыру.</u> Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.
Мүсіндеу	<u>Ұлттық зергерлік бұйымдармен</u> (ат әбзелдерімен – қамшы, ер-тоқым) таныстыру және мүсіндеу. Аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану
Жапсыру	<u>Қамқор жобасы:</u> Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, («Құстар біздің досымыз»)

	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.
Сурет салу	<u>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері</u> ("түйетабан", "құс қанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту . Бояулар сыры- топ аралық байқау. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
Музыка	<u>«Күй күмбірі»</u>, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. <u>Музыка тыңдау:</u> Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. <u>Ән айту:</u> Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. <u>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</u> <u>Би қимылдарын:</u> қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. <u>Билер:</u> Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. <u>Би шығармашылығы:</u> Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарда ойнау: Балалар шығармашылығын дамыту және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Шағала» балабақшасы

Топ: «Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы «желтоқсан» айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
«Бірлік және ынтымақ» айы		
Желтоқсан	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Қыз қуу, Асық ату, Теңге алу,) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) <u>Жүру:</u> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <u>Жүгіру:</u> сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. <u>Тепе-теңдік сақтау:</u> Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. <u>Еңбектеу, өрмелеу</u> Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. <u>Секіру:</u> Бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру <u>Лақтыру:</u> Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) лақтыру Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.

		<u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Кеудеге арналған жаттығулар: Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген Аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяққа арналған жаттығулар: Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.
--	--	--

	Сөйлеуді дамыту	Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; «Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында «Бірлік және ынтымақ» тақырыбында кітаптар көруге, ертегі баяндауға, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау. <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</u> Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. <u>Сөздік қор</u> Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану <u>Тілдің грамматикалық құрылымы</u> Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету. <u>Байланыстырып сөйлеу</u> Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
	Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы» –жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын

		қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
	Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастыру. «Қауіпсіздік сабағы» - «Цифрлық әлемде қауіпсіз адам», ұялы байланыс құралдарын көп қолдану бала денсаулығына зиян тақырбында буклеттер көрсету. «Тілім менің тірегім» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету. Тілдік дамытушы орта: Сөйлеу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу. <u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</u> Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, ғ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу <u>Сөздік қор</u> Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. <u>Тілдің грамматикалық құрылымы</u> Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. <u>Байланыстырып сөйлеу</u> Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: «Асықты есепшот», «Бау асық», Дүкен т.б.) Танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу

	<u>Шама</u> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру <u>Сан санау:</u> Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. <u>Геометриялық фигуралар</u> Салыстыру нәтижелерін атау (кеңдеу-тарлау,). <u>Кеңістікті бағдарлау.</u> Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).
Қоршаған ортамен танысу	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Smart bala жобасы: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» интеллектуалды сайысы Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру <u>Байланыс және қозғалыс құралдары</u> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. <u>Еңбекке баулу</u> Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны

	қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.
Құрастыру	Қамқор» жобасы табиғат бұрышында пияз тұқымын отырғызу. Ата-анамен бірге пияз тұқымын табиғат бұрышында егуге баулу. Құрастырылған кішкентай бақшаның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастығы жоба жұмыстарын жүргізу. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Мүсіндеу	Ұлттық тағамдармен (бауырсақ, қазы-қарта, қымыз, шұбат) таныстыру. Аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны жапсыру дағдыларын қалыптастыру, (Менің Отаным - Қазақстан) Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.
Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «ботакөз» «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау .
Музыка	«Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. <u>Музыка тыңдау</u>: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. <u>Ән айту</u>: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.

		<u>Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</u> Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимыл сипатын көрсету. <u>Билер:</u> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. <u>Би шығармашылығы:</u> Таныс би қимылдарын көрсету. <u>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнау:</u> Белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық қоңырау , сыбызғы, аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
--	--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Шағала балабақшасы

Топ: «Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы «қаңтар» айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Заң және тәртіп айы		
Қаңтар	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. («Ханталапай», «Бәйге», «Арқан тартыс».) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта) <u>Жүру:</u> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <u>Жүгіру:</u> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру <u>Тепе-теңдік сақтау:</u> Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту <u>Еңбектеу, өрмелеу:</u> Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, <u>Секіру:</u> Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру <u>Лақтыру:</u> допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. <u>Кеудеге арналған жаттығулар:</u>

		Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. <u>Аяққа арналған жаттығулар:</u> Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру <u>Спорттық жаттығулар.</u> Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. <u>Дербес қимыл белсенділігі.</u> Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыра отырып, Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. <u>Ырғақтық жаттығулар.</u> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. <u>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</u> Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю
--	--	---

	Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада «Заң және тәртіп айы» аясында Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау <u>Сөздік қор:</u> Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) байыту. <u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). <u>Байланыстырып сөйлеу</u> Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше зерттеп, сипаттауға баулу
--	-----------------	--

	Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы» – жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру
